# Жарайсың, Ринат!

**Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушісі – Ринат ҚАБДУАЛИ облыстық турнирден 1 орын иеленді.**



Спорт мектебінің жаттықтырушысы Марат СЕЙТМАҒАНБЕТ шәкірттерімен кезекті жарыстан оралып, сүйінші жаңалығымен бөлісті. Яғни, Сеул қаласында өткен олимпиада ойындарының қола жүлдегері, облысымыздан шыққан талантты боксшылардың бірі, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері А. МИРОШНИЧЕНКОНЫ еске алуға арналған бокс турнирінен Ринат ҚАБДУАЛИ есімді жерлесіміз 1 орынды олжалаған. Кейкі батыр атындағы №4 мектептің 11 сыныбында оқитын Ринат 63 келіде сынға түсіп, өз салмағының мықтысы екенін дәлелдеп отыр. Спортшымызды және Арқалық БЖСМ жаттықтырушыларын кезекті жеңісімен құттықтаймыз.

Айта кетсек, турнир облыстық болғанымен, бұл жарысқа шетелден де спортшылар келген. Турнирде Өзбекстан, Алматы, Петропавл, Қарағанды, Балқаш, Рудный, Жітіқара және Арқалық қаласы мен аудандардан барлығы 92 спортшы шеберлік сынасты.

Дархан
АМАНТАЙҰЛЫ